| 8.5 | Настоящим, Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю, что любой нижеуказанный документ будет являться уведомлением о дефектах:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Осы арқылы Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төменде көрсетілген кез келген құжаттың ақаулар туралы хабарлама болып табылатынын мәлімдейді және кепілдік береді:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| a)  | первое подтвержденное сообщение Покупателя, сотрудников или подрядчиков Покупателя Поставщику по электронной почте о дефекте(ах) или недостатках в Товарах или симптомах, признаках или последствиях таких дефектов или недостатков; или                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Сатып алушының, Сатып алушының қызметкерлерінің немесе мердігерлерінің электрондық пошта арқылы Жеткізушіге тауарлардағы ақаулар немесе кемшіліктер немесе осындай ақаулардың немесе кемшіліктердің белгілері немесе салдары туралы алғашқы расталған хабарламасы; немесе                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| b)  | заполненный и подписанный Акт о несоответствии Товара, указывающий дефекты или недостатки во время приемки Товара на складе;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Тауарды қоймаға қабылдау кезіндегі ақауларды немесе кемшіліктерді көрсететін толтырылған және қол қойылған Тауардың сәйкес келмейтіндігі туралы акті;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |



|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| c)  | акты произвольной формы, составленные по выявленным дефектам во время запуска оборудования, проведения пусконаладочных работ или во время работы оборудования в период действия гарантийного срока или после истечения гарантийного срока и т.д. (далее «Уведомление о дефектах»).                                                                                                                                                                                                           | жабдықты іске қосу, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде немесе кепілдік мерзімінің қолданылу кезеңінде немесе кепілдік мерзімінің аяқталуынан кейін жабдықтың жұмыс істеуі кезінде анықталған ақаулар бойынша жасалған еркін нысандағы актілер және т. б. (бұдан кейін «Ақаулар туралы хабарлама»).                                                                                                               |
| 8.6 | Уведомление о дефектах, переданное до истечения Гарантийного периода, будет считаться действительным и подлежать исполнению Поставщиком в соответствии с требованиями Покупателя, выставленными согласно настоящей Статье и Статье 12.3, даже если любая из Сторон предпримет расследование, проверку или исправление дефектов после истечения Гарантийного периода.                                                                                                                         | Кепілдік кезеңі аяқталғанға дейін берілген ақаулар туралы хабарлама, егер Тараптардың кез келгені Кепілдік кезеңі өткеннен кейін ақауларды тексеруді немесе түзетуді қабылдаса да, осы бапқа және 12.3-бапқа сәйкес ұсынылған Сатып алушының талаптарына сәйкес жарамды деп есептеледі және Жеткізуші оны орындауы тиіс.                                                                                                  |
| 8.7 | На Товары, исправленные согласно гарантии Поставщика в соответствии с настоящей Статьей 8, новый 12-месячный Гарантийный период начинается с того момента, когда началась полная эксплуатация исправленных Товаров. При замене Товара Гарантийный период однократно продлевается на 12 (двенадцать) месяцев с момента ремонта или замены, но не должен превышать 12 (двенадцать) месяцев с момента истечения первоначального срока. Количество замен в рамках данного периода не ограничено. | Осы 8-бапқа сәйкес Жеткізушінің кепілдігіне сай түзетілген Тауарларға жаңа 12 айлық Кепілдік кезеңі түзетілген Тауарларды толық пайдалану басталған сәттен бастап күшіне енеді. Тауарды ауыстырған жағдайда Кепілдік кезеңі жөндеу немесе ауыстыру сәтінен бастап бір рет 12 (он екі) айға ұзартылады, бірақ бастапқы мерзім өткен сәттен бастап 12 (он екі) айдан аспауға тиіс. Осы кезеңдегі ауыстыру саны шектелмеген. |
| 8.8 | Поставщик не несет ответственности ни за какие дефекты и убытки, возникшие в результате действий Покупателя, запрещенных согласно руководствам по эксплуатации и техническому обслуживанию или официально опубликованным инструкциям производителя, предоставленным Поставщиком Покупателю в соответствии со Статьей 10.                                                                                                                                                                     | Жеткізуші 10-бапқа сәйкес Жеткізушінің Сатып алушыға берген өндірушінің пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарына немесе өндірушінің ресми жарияланған нұсқаулықтарына сәйкес Сатып алушының тыйым салынған іс-әрекеттерді орындау салдарынан туындаған қандай да бір ақаулар мен залалдар үшін жауап бермейді.                                                                                  |
| 8.9 | Гарантии Поставщика в явной форме распространяются на каждую из Компаний Покупателя.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Жеткізушінің кепілдіктері Сатып алушының әр компаниясына нақты қолданылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

## 9 КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО / САНЫ МЕН САПАСЫ

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 9.1 | Количество Товара поставляется согласно Деталям Заказа и/или Заказу на отгрузку и должно соответствовать товарно-сопроводительным документам. Качество Товара, комплектность, наименование, обозначение, техническое состояние, маркировка и упаковка должны соответствовать действующим ГОСТ для такого вида Товара и/или техническим условиям, указанным в Деталях Заказа и/или Заказах на отгрузку и приложении (ях), и удостоверяются соответствующими документами, (сертификат соответствия или паспорт изделия, или сертификат качества или инструкция по эксплуатации и т.п.). | Тауардың саны Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес жеткізіледі және тауардың ілеспе құжаттарына сай болуы тиіс. Тауардың сапасы, толықтығы, атауы, белгіленуі, техникалық жай-күйі, таңбалануы және буып-түюі Тауардың осы түрі үшін қолданыстағы МЕМСТ-қа және/немесе Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа және қосымшаның(лардың) егжей-тегжейінде көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келуге тиіс және тиісті құжаттармен куәландырылады, (сәйкестік сертификаты немесе бұйымның паспорты немесе сапа сертификаты немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулық және т. б.). |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## 10 ПОСТАВКА ТОВАРОВ / ТАУАРЛАРДЫ ЖЕТКІЗУ

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 10.1 | Поставщик обязан предоставить Покупателю вместе с поставляемым Товаром оригиналы следующих документов:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Жеткізуші Сатып алушыға жеткізілетін Тауармен бірге келесі құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| a)   | накладную на отпуск товаров на сторону в двух экземплярах с указанием номера Договора поставки или СНТ, с указанием кода Товара в поле «Дополнительная информация» (графа 17 раздел G1), зарегистрированное на портале ИС ЭСФ. Два экземпляра накладной на отпуск товаров на сторону должны быть отправлены с Товаром, один из этих экземпляров предназначен для Поставщика, и Поставщик несет ответственность за возврат подписанного Покупателем возвратного экземпляра; | ЭШФ АЖ порталында тіркелген «Қосымша ақпарат» жолында (G1-бөлім 17-баған) Тауардың коды көрсетілген, Жеткізу шартының нөмірі немесе ТНТ көрсетілген екі данада тарапқа тауарларды босатуға арналған жүкқұжат. Тарапқа тауарларды босатуға арналған жүкқұжаттың екі данасы тауармен бірге жөнелтілуі тиіс, осы даналардың бірі Жеткізушіге арналған және Жеткізуші Сатып алушының қол қойып қайтарылатын данасын қайтарып беру үшін жауапты болады |
| b)   | гарантийные документы на Товар – выдаются в виде Гарантийного талона с печатью Поставщика и заполненные на приобретаемый Товар. В остальных случаях на Товар распространяется гарантия завода-изготовителя;                                                                                                                                                                                                                                                                | тауарға кепілдік беру құжаттары – Жеткізушінің мөрі басылған және сатып алынатын Тауарға толтырылған Кепілдік талоны түрінде беріледі. Басқа жағдайларда Тауарға өндіруші зауыттың кепілдігі беріледі;                                                                                                                                                                                                                                            |
| c)   | если Поставщик является казахстанским производителем Товара – нотариально заверенную копию сертификата о происхождении Товара для внутреннего обращения, подтверждающего происхождение на территории Республики Казахстан;                                                                                                                                                                                                                                                 | егер Жеткізуші қазақстандық Тауар өндіруші болып табылса, Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;                                                                                                                                                                                                                         |
| d)   | Если поставляемый Товар входит в перечень продукции и услуг, подлежащих обязательной сертификации согласно Законом Республики Казахстан, вне зависимости от наличия или отсутствия указания в Договоре Поставки условия о качестве Товара, Поставщик обязан предоставить один из                                                                                                                                                                                           | Егер жеткізілетін Тауар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті сертификаттауға жататын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне кіретін болса, Жеткізу шартында Тауардың сапасы туралы талаптың болуына немесе болмауына қарамастан, Жеткізуші жеткізілетін Тауарға                                                                                                                                                           |



|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|      | нижеследующих документов на поставляемый Товар:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | төмендегі құжаттардың бірін ұсынуға міндетті:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| i    | Сертификат соответствия выданный аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы берген сәйкестік сертификаты; немесе                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| ii   | декларацию о соответствии, зарегистрированную аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы тіркеген сәйкестік туралы декларациясы; немесе                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| iii  | сертификаты соответствия иностранных государств, или протоколы испытаний продукции, или знаки соответствия, признанные аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттары немесе өнімді сынау хаттамалары немесе Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы бойынша сәйкестік белгілері.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| e)   | Если Поставщик зарегистрирован в стране, являющейся членом ЕАЭС:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Егер Жеткізуші ЕАЭО мүшесі болатын елде тіркелсе:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| i    | Поставщик обязан предоставить товаросопроводительные документы, в соответствии со статьей 442 и пункта 3 статьи 443 Налогового Кодекса Республики Казахстан.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Жеткізуші Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 442-бабына және 443-бабының 3- тармағына сәйкес тауарлардың ілеспе құжаттарын ұсынуға міндетті.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| ii   | для подтверждения обоснованности применения Поставщиком налоговой ставки 0%, Покупатель в течении 90 (девятая) календарных дней со дня получения Товара, направляет Поставщику:<br>(А) Заявление о ввозе товаров и уплате косвенных налогов в электронном виде установленное законодательством Республики Казахстан.<br>(В) Уведомление о принятии налоговой отчетности органами государственных доходов Республики Казахстан в электронном виде.<br>(С) Уведомление о подтверждении факта уплаты (освобождения либо иного порядка уплаты) – Приложение 2 к Правилам подтверждения органами государственных доходов Республики Казахстан факта уплаты налога на добавленную стоимость по импортным товарам с территории государств- членов Таможенного союза в электронном виде.                                                                                                                                                                                                             | Жеткізушінің 0% салық мөлшерлемесін қолдануының дұрыстығын растау үшін, Сатып алушы Тауарды алған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде Жеткізушіге төмендегілерді жібереді:<br>(А) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген электронды түрде Тауарларды кіргізу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш.<br>(В) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдағаны туралы электрондық хабарлама.<br>(С) Төлем фактісін растау туралы хабарлама (босату немесе басқа төлем тәртібі) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының Кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарларға қосылған құн салығын төлеу фактісін растау қағидаларына 2-қосымша электронды түрде».                                                                                                                                                                   |
| 10.2 | Если Поставщик не передает или отказывается передать Покупателю документы, указанные в Статье 10.1, Покупатель вправе назначить ему разумный срок для их передачи, по согласованию сторон. В случае, если документы, указанные в Статье 10.1, не переданы Поставщиком в указанный срок, Покупатель вправе отказаться от принятия Товара.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Егер Жеткізуші Сатып алушыға Шарттың 10.1-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе ұсынудан бас тартса, Сатып алушы тараптардың келісімі бойынша оларды беру үшін оған орынды бір мерзімді белгілеуге құқылы. Егер Жеткізуші Шарттың 10.1-бабында көрсетілген құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбаса, онда Сатып алушы Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 10.3 | Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС), Поставщик обязан:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан кіргізілсе, Жеткізуші келесілерді орындауға міндетті:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| a)   | корректно указать код ТН ВЭД ЕАЭС в отношении Товара, включенного в Перечень товаров, утвержденный Решением Совета Евразийской экономической комиссии от 14 октября 2015 года № 59, а также в Перечень товаров, утвержденный Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 февраля 2017 года № 58, и в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.<br>В случае нарушения Поставщиком указанного требования, Покупатель вправе, с соблюдением претензионного порядка, предусмотренного Договором, удержать из суммы, подлежащей выплате Поставщику, сумму НДС, предъявленного Поставщиком к оплате. Кроме того, Поставщик обязан, в течение 10 (десяти) Рабочих Дней с момента получения требования Покупателя, на основании подтверждающих документов, возместить убытки, связанные с оплатой Покупателем административного штрафа и (или) пени, начисленной в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан на Покупателя. | Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 Шешімімен бекітілген Тауарлар тізбесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 58 Бұйрығымен бекітілген Тауарлар тізбесіне қосылған тауарларға қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де жағдайларда ЕАЭО СЭҚ ТН кодын дұрыс көрсету.<br>Жеткізуші көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, Сатып алушы шартта көзделген талап қою тәртібін сақтай отырып, Жеткізуші төлеуі тиіс соманды Жеткізушіге төлеуге ұсынылған ҚҚС сомасын ұстап қалуға құқылы. Сонымен қатар, Жеткізуші Сатып алушының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Сатып алушыға есептелген әкімшілік айыппұлды және (немесе) өсімақыны төлеуімен байланысты шығындарын растаушы құжаттар негізінде Сатып алушының талабын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеуге міндетті. |
| 10.4 | Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) автотранспортом, Поставщик обязан предоставить Покупателю за 3 (три) рабочих дня до пересечения границы Республики Казахстан следующую информацию:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан автокөлікпен кіргізілсе, Жеткізуші Сатып алушыға Қазақстан Республикасы аумағынан өткенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын келесі ақпаратты ұсынуға міндетті:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| a)   | Сканированную копию одного из видов документов и оригинал с товаром – СМР (международная транспортная накладная), ТТН (товарно-транспортная накладная), ТН (транспортная накладная);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Құжаттардың бір түрінің сканерден өткізілген көшірмесі және тауармен бірге түпнұсқасы – СМР (халықаралық көлік жүкқұжаты), ТКЖ (тауар-көлік жүкқұжаты), КЖ (көлік жүкқұжаты);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
